Жана Қаратон кентіне үздіксіз тоқ көзімен қаматамасыз ету мәселесі бойынша

ХАТТАМАСЫ

Жаңа Қаратон кенті «23» қараша 2023 жыл

Күн тәртібінде:

Аудан әкімінің тапсырмасы негізінде Жаңа Қаратон кентін үздіксіз тоқ көзімен қамтамасыз ету мақсатында №155 «Жаңа Қаратон» ҚС-110/10 кВ қосалқы стансасына жөндеу жұмыстарын тікелей бір көзден сатып алуды ұйымдастыру.

Қатысқандар:

Айшуақова Гүлнафис Аязберіккызы	Жылыой ауданы әкімі орынбасары, кеңес төрағасы
Баселов Саян Жұмабекұлы	Жылыой ауданы тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы жолаушылар көлігі автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы, кеңес мүшесі
Баймұратов Сансызбай	Жана Қаратон кенті әкімі, кеңес мүшесі
Конырбаев Мажит Ашенович	«Атырау Жарық» АҚ-ның Жаңа Қаратон кенті бойынша өкілі, электромонтер, кеңес мүшесі
Тнысова Зауза Сайлаукызы	Жаңа Қаратон кенті әкімі аппаратының бас маманы, кеңес хатшысы

1) С.Баймұратов: «Атырау Жарық» АҚ «Жаңа Қаратон» ҚС-110/10кВ қосалқы стансасы қысқы-күзгі мезгілге дайын емес екендігі, техникалық қызмет көрсетілмегендігі, іске қосылған күннен бастап бірде-бір рет күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмегендігі туралы баяндап, Атырау облысы әкімінің орынбасары және Жылыой ауданы әкіміне №11-7304 06.10.2023 жылғы хатын жолдаған.

Сонымен қатар Атырау Жарық мекемесі қосалқы стансасы бойынша қалпына келтіретін ақаулардың тізімін жолдады. Осы уақытқа дейін «Жаңа Қаратон» ҚС-110/10кВ қосалқы стансасы иесіз мүлік болуына байланысты, техникалық күтіп ұстау, ревизия жұмыстарын «Атырау Жарық» АҚ жүргізіп келді. 16.08.2023 жылы қосалқы станса құжаттары толықтай аяқталып, кент әкімі аппаратының теңгеріміне берілді. Сол себепті Атырау Жарық мекемесі өз мойнына алмай кент әкімінің аппаратына тапсырып отыр. Алайда апаттық жағдай орын алса, кент аумағы түгелдей тоқ көзінен айрылады және жылу маусымы болғандықтан тұрғындар жылусыз қалады. Сондықтан бұл жұмыс уақыт күттірмейтін, халықтың игілігі үшін атқарылып жатырған жұмыс болғандықтан тез арада ақауларды жөндеуді қажет етеді.

М.Конырбаев: «Жаңа Қаратон» ҚС-110/10кВ қосалқы стансасы 1993 жылдан бастап іске қосылған. Күні бүгінге дейін бірде бір рет жөндеу жұмыстары

жүргізілмеді. Қазіргі таңда трансформатордан май ағу, сақтандырғыштарда ақаулар сияқты қосалқы бөлшектерінде күрделі ақаулар бар. Қазіргі таңда қосалқы стансияға апаттық жағдайда тұр.

С.Баселов: Қыстың желді, суық күндері «Жаңа Қаратон» ҚС-110/10кВ қосалқы стансасында апаттық ажыратулар орын алуы мүмкін. Сондықтан кент тұрғындары қыс мезгілінде тоқсыз, жылусыз қалып қоймауына байланысты кенттегі қосалқы стансиясына шұғыл жөндеу жұмыстары қажет.

Жиынға қатысушылардың ұсыныстары мен пікірлерін тыңдап, **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1) Керекті қаражат көлемін анықтап, №155 «Жаңа Қаратон» ҚС-110/10 кВ қосалқы стансасына жөндеу жұмыстарын мемлекеттік сатып алу конкурсының **39 бап** (*Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру негіздері*) **3 тармақ** (*Мемлекеттік сатып туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады*) **4-і тармақшасына сәйкес** (*төтенше жағдайлардың салдарын оқшалау және (немесе) жою үшін, Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет немесе жаңадан анықталған, жануардың аса қауіпті, экзотикалық ауруларын, карантинді обьектілерді, бөтен текті түрлерді оқшалау және (немесе) жою үшін, карантиндік аймақтарда және жануарлардың аса қауіпті аурулары бойынша қолайсыз пункттерде, карантинді обьектілердің таралу ошақтарында іс–шаралар, шұғыл фитосанитарлық іс–шаралар жүргізу үшін, электр энергетикасы обьектілеріндегі, тіршілікті қамтамасыз ететін коммуникациялық жүйелердегі теміржол, әуе, автомобиль, су көлігі обьектілеріндегі, тазарту құрылыстарындағы, мұнай құбыржолдарындағы, газ құбыржолдарындағы технологиялық бұзылуларды жою үшін және жедел медициналық араласу қажеттілігі үшін, сондай–ақ коммуникациялардың, тетіктердің, агрегаттардың, қосалқы бөлшектердің және материалдардың тасымал жолында дереу қалпына келтіруді талап ететін сынуы, істен шығуы туындаған кезде қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу*) бір көзден тәсілмен өткізу

Кеңес төрағасы **Г.Айшуақова** _____

Кеңес мүшелері:

С.Баселов _____

С.Баймұратов _____

М.Конырбаев _____

Кеңес хатшысы: **З.Тнысова** _____